

**2021-2022 оқу жылына арналған «B042- Журналистика және репортер ісі»
білім беру бағдарламалар тобы бойынша оқуға қабылдаудың
шығармашылық емтихандарын онлайн тапсыруға арналған нұсқаулық**

**«B042- Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалар тобы
бойынша шығармашылық емтихандарды онлайн тапсыруға арналған
нұсқаулық**

** Нұсқаулықтағы суреттерде қызылмен белгіленген бөліктерге назар аударыңыз.*

«B042- Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтихандар талапкерлерді жоғары оқу орындарына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес жүргізіледі, оның ішінде 2 шығармашылық емтихан тапсырылады. Емтиханда талапкердің кәсіби бейімділігі анықталады. Емтихандар:

1-ші шығармашылық емтихан-жазбаша.

2-ші шығармашылық емтихан-ауызша.

«B042- Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтихандардың бағдарламасы және емтихандар кестесі университет сайтының «Талапкерлерге» парақшасына орналастырылған: <https://iitu.edu.kz/kk/articles/информация-по-оп-журналистика-и-репортерское-дело-kk/>

Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде тапсыру үшін қажет құралдар:

1. Ноутбук немесе дербес компьютер, веб камера және микрофон;
2. Интернет байланыс;
3. Фотокамера (жазылған эссенің фотосуретін жүйеге көшіру үшін).

Шығармашылық емтихандарды онлайн тапсыру кезінде 3 жүйе қолданылады:

1. <https://admission.iitu.edu.kz/> - талапкерді онлайн тіркеу платформасы;
2. <https://exam.iitu.edu.kz/> - жазбаша емтихан тапсыруға арналған платформа;
3. <https://zoom.us/> - **ZOOM платформасы**: бірінші шығармашылық емтихан үшін байланыс арнасы мен прокторингті ұйымдастыру және екінші емтиханға сұхбат беру.

Техникалық мәселелер туындаған кезде admissions@iitu.edu.kz электрондық поштасына хабарлама жазсаңыз болады.


1. Жазбаша шығармашылық емтихан тапсыру

Жазбаша шығармашылық емтихан тапсыру үшін талапкерге <https://admission.iitu.edu.kz/> платформасына тіркелу керек. Тіркелу деректері (логин, пароль) <https://exam.iitu.edu.kz/> жүйесіне кіру үшін де қолданылады.

<https://admission.iitu.edu.kz/> жүйесіне тіркелу нұсқалығы iitu.edu.kz сайтының басты бетінде.

1-қадам: Прокторинг


Талапкердің тіркеу кезінде көрсеткен электрондық поштасына бірінші шығармашылық емтиханға арналған негізгі байланыс арнасы мен прокторинг ретінде қолданылатын ZOOM платформасына сілтеме келеді. Емтихан басталар алдында талапкер лақап атын (ник) жеке куәлігі бойынша өзгертуі тиіс. Мысалы, Жанибек Орионский (1-суретті қараңыз)



1-сурет: Пайдаланушының жеке куәлігі бойынша лақап атын өзгертуі

2 қадам: Сәйкестендіру


Талапкерді сәйкестендіру үшін камера мен микрофонды қосып, жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет.



2-сурет: Веб-камера және микрофон арқылы сәйкестендіру

3-қадам: Платформаға кіру


Тіркеу деректері бойынша <https://exam.iitu.edu.kz/> платформасында авторизациядан өтіп, басты бетте «Творческие экзамены по ГОП В042 – Журналистика и репортерское и дело» шығармашылық емтихан парақшасын ашамыз.



3-сурет: ХАТУ қабылдау комиссиясының емтихандар тізбесі


4 қадам: Курсқа жазылу

Әрі қарай «[Творческие экзамены по ГОП В042 – Журналистика и репортерское дело](#)» батырмасын басып «Курсқа жазылу (Записаться на курс)» функциясын таңдаймыз.




4-сурет. Курсқа жазылу

Содан кейін жазбаша емтихан тапсырмасын ашып, емтихан тапсыру тілін таңдау керек.



5-сурет. Емтихан тілін таңдау

Жаңа ашылған бетте жазбаша емтиханның үш тақырыбы беріледі. (6-сурет). Ұсынылған тақырыптардың ішінен біреуін тандап, эссе жазасыз.



6-сурет. Эссе тақырыбын таңдау

5-қадам: Емтихан тапсырып, жауаптарды жүктеу

Емтихан аяқталғаннан кейін эссені суретке түсіріп, <https://exam.iitu.edu.kz/> жүйесіне жүктеу керек. Суретті «Тапсырмаға жауап қосу (Добавить ответ на задание)» түймесін басу арқылы жүктей аласыз (7-сурет).

Добавить ответ на задание


Вы пока не предоставили ответ на задание

7-сурет. «Тапсырмаға жауап қосу» батырмасы

Батырманы басқаннан кейін жаңа бет ашылады (8-сурет). Содан кейін өз жұмысыңыздың фотосуреттерін жүктеп, "Сақтау (Сохранить)" батырмасын басыңыз.

Ответ в виде файла


Максимальный размер новых файлов: 2Мбайт, максимальное количество прикрепленных файлов: 20



8-сурет. Файлдарды қосу.

Құпиясөзді өзгерту

Егер талапкер құпия сөзін ұмытып қалса, <https://admission.iitu.edu.kz/> платформасын ашып, құпия сөзді өзгерту функциясын қолдануы тиіс.



9-сурет. Құпиясөзді өзгерту

Әрі қарай құпия сөзді өзгерту үшін тіркеу кезінде көрсетілген поштаны енгізіңіз.

Сброс пароля

Введите свою электронную почту для сброса пароля


Электронная почта

 На указанную вами почту будет отправлена ссылка для сброса пароля.

СБРОСИТЬ ПАРОЛЬ 

10-сурет. Құпиясөзді қалпына келтіру

Көрсетілген поштаға парольді қалпына келтіру сілтемесі келеді.



11-сурет. Құпия сөзді қалпына келтіру сілтемесі

* Қосымша ақпарат алу үшін:

+7 (727) 320 00 00

+7 (727) 320 00 01

Whatsapp: +7 (747) 255 88 35

Техникалық сұрақтар бойынша admissions@iitu.edu.kz мына ыдпоштаға жазыңыз.